

Қазақ тіліндегі басылымдар сәуір айы 2018 жыл

1.	016 А-39	<p>Алаш қозғалысы: тарих және қазіргі заман = Движение "Алаш": история и современность : Библиографиялық көрсеткіш / Құраст.: Д.Ә.Қыстаубаев, М.Оқап; ҚР Ұлттық кітапханасы. - Алматы, 2017. - 367 б. - Мәтін қазақ, орыс тілдерінде. - Сыйға алынды. - 367т.00т.</p> <p>Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы биылғы жылы «Алаш» қозғалысының 100 жылдығына орай «Алаш қозғалысы: тарих және казіргі заман» атты библиографиялық көрсеткішті дайындап шығарды. Басылым 2005 жылы жарық көрген «Алаш қозғалысы: тарих және қазіргі заман» атты библиографиялық көрсеткішінің жалғасы болып табылады.</p>
2.	821.512.122 А-87	<p>Асанов, Сабырхан. Екі томдық шығармалар жинағы. Т.1 / Асанов, Сабырхан. - Алматы : Хантәңірі, 2018. - 380 б. - ISBN 978-601-03-0526-7 : 1178т.58т.</p> <p>Қазақ поэзиясында айшықты із қалдырған белгілі ақын Сабырхан Асановтың бұл жинағына ыстық сағынышқа, сүйініш пен күйінішке, сыршыл да шыншыл сезімдерге толы бір топ лирикалық өлең- жырлары, әйгілі орыс және шетел ақындарының туындыларының аудармаларымен қатар автордың қаламдас аға-інілері, әріптестері жайлы қызықты да ғибратты естеліктері еніп отыр. Айтулы қаламгердің шығармалары замана көшіне ілесіп, халқымен бірге жасап келеді.</p>
3.	821.512.122 Ә-14	<p>Әбдіраштың, Жарасқаны. Қалдырған ізің мәңгілік : Естеліктер, эсселер, арнау өлеңдер / Әбдіраштың, Жарасқаны; Құраст. Рүстем Әбдіраш. - Алматы : Mer-Press, 2018. - 248 б. - Библиогр. мақала соңында. - ISBN 978-601-03-0498-7 : 1414т.29т.</p>

		<p>Бұл жинаққа қазақтың көрнекті ақыны, өлең сөздің хас шебері Жарасқан Әбдіраш жайлы белгілі әдебиет зерттеушілері мен сыншыларының, қаламдас аға-інілерінің, дос-жарандарының, аяулы жары мен перзенттерінің жүрекжарды лебіздері мен ыстық сағынышқа толы естеліктері еніп отыр. Ақындық және азаматтық болмысы біте қайнасқан сан қырлы талант иесі, қайталанбас дара дарын Жарасқан Әбдіраштың шығармалары ұлттық мәдениетіміздің асыл қазынасы болып қала береді.</p>
4.	355 Ж-26	<p>Жантасов, Амангелді. Жартасты жастанған жасақ (Қара майордың мұсылман батальоны) = Второй мусульманский (Спецназ из Казахстана) / Жантасов, Амангелді. - Алматы : Хантәңірі, 2018. - 624 б. : 40 бет түрлі-түсті жапсырма. - ISBN 978-601-03-0521-2 : 2576т.48т.</p> <p>Бұл кітапта КСРО Бас штабы Бас барлау басқармасының 177-ші арнайы мақсаттағы жеке жасағының құрылуы мен күнделікті өмірі туралы жазылған. 1980 жылдың қаңтарында Алматы облысы, Қапшағай қаласында құрылған, аты аңызға айналған Қара майор-Керімбаев, Борис Төкенұлы басқарған атақты "мұсылман батальоны" 1981 жылдың қазан айынан 1989 жылдың ақпанына дейін Совет әскерлерінің Ауғанстандағы шектелген контингенті құрамында болды.</p>
5.	821.512.122 Ж-31	<p>Жарылқағанов, Әлімжан. Тәртіп пен тағылым / Жарылқағанов, Әлімжан. - Алматы : Қаламгер , 2018. - 380 б. - ISBN 978-601-03-0519-9 : 1414т.29т.</p> <p>Белгілі қаламгер, журналист-заңгер Әлімхан Жарылқағановтың бұл жинағы "Сыр", "Сарап" және "Сұхбат" деген бөлімдерден тұрады. Алғашқы бөлімде автордың өз өмірі, өсіп-енген ортасы туралы естелік жазбалары, екінші бөлімге ішкі істер</p>

		<p>органдары баспасөзінің тарихы мен қызметі жөніндегі ғылыми-зерттеу мақалалары ал соңғы бөлімге автордың өзінің журналист ретінде жүргізілген интервьюлері мен бұқаралық ақпарат құралдарына берген сұхбаттары еніп отыр.</p>
6.	821.512.122 К-67	<p>Көкеев, Еркін. Тікенсіз гүл / Көкеев, Еркін. - Алматы : Қаламгер , 2018. - 380 б. - ISBN 978-601-03-0529-8 : 1414т.29т.</p> <p>Қаламгер Еркін Көкеевтің бұл кітабына халқымыздың ХХ ғасырдағы Кеңес дәуірі кезеңінде басынан кешкен оқиғалар өзек болған. Автордың «Тікенсіз гүл» атты өлеңдер жинағына қазақ елінің тарихына қатысты ғылыми-зерттеу мақалалары еніп отыр.</p>
7.	780 Қ-67	<p>Қосбасаров, Базархан. Қобыз өнері : Музыка оқу орындарының оқытушылары мен студенттеріне арналған оқу құралы / Қосбасаров, Базархан. - Қайта қарап толықтырылған екінші басылым. - Алматы : Айғаным, 2018. - 172 б. : нота. - ISBN 978-601-03-0528-1 : 1885т.72т.</p> <p>Автор өзінің көп жылғы ұстаздық және қобызшы ретінде жинақтаған тәжірибесін осы кітап арқылы беріп отыр. Қобыз үйрену қыр-сыры, оған берілетін әдістемелік кеңестер, оң қол мен сол қол саусақтарының аспапқа қалыптасуы, саз сарынына лайықты үннің шығуы, қобыздың ұлттық нақышы мен жалпы табиғаты жайында лайықты дәріс беріледі, сондай-ақ кітаптан қобыз өнерінің ірі өкілдері туралы мол деректер табасыз. Оқу құралында халық күйлері, халық композиторларының шығармалары мен Қазақстан композиторларының қобыз күйлері дәстүрінде жазылған бірқатар еңбектері еніп отыр. Кітап музыка оқу орындарының оқытушылары мен студенттеріне, жалпы өнер сүйер қауымға арналады.</p>
8.	821.512.122 М-45	<p>Мендіғали, Төлеміс. Соңғы жиһангер : Әңгімелер мен хикаяттар /</p>

		<p>Меңдіғали, Төлеміс. - Алматы : Мер-Press, 2018. - 190 б. - ISBN 978-601-03-0500-7 : 707т.15т.</p> <p>Жазушы Төлеміс Меңдіғалидың бұл жинағына бір топ әңгімелері мен хикаяттары еніп отыр. Алғашқы әңгімелері облыстық, республикалық баспасөзде жарық көрген. "Арман қанаты" жинағына бірнеше туындылары кірген.</p>
9.	338 М-85	<p>Мұсатаев, Сейілбек Шаяхметұлы. "Бір белдеу, бір жол" жобасы мен ЕАЭО сабақтастығы : Монография / Мұсатаев, Сейілбек Шаяхметұлы; Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ. - Алматы : Қазақ университеті, 2017. - 152 б. : сурет. - Сыйға алынды. - ISBN 978-601-04-3191-1 : 152т.00т.</p> <p>Оқырман қауымға ұсынылып отырған монография «Бір белдеу, бір жол» жобасы мен Еуразиялық экономикалық одақтың (ЕАЭО) сабақтасуы барысында орын алып отырған өзекті мәселелерді саяси талдауға арналған. Әлем елдерін бірлесе дамуға шақырып, халықаралық экономикалық ынтымақтастықты дамытуға бастама жасап отырған ҚХР мен ЕАЭО мүше-елдерінің қарым-қатынастары қарастырылады. «Бір белдеу, бір жол» жобасы мен ЕАЭО сабақтастығы әлемдік экономикалық дағдарыс кезеңінде жүзеге асуда. Мұндай біріккен халықаралық жобаның мәселелерін талдап, келешегін болжаудың маңызы зор. Монография студенттер мен магистранттарға, докторанттарға, кәсіпқой саясаттанушыларға, геосаяси мәселелерге қызығушылық танытатын әуесқойларға арналған.</p>
10.	338 М-85	<p>Мұсатаев, Сейілбек Шаяхметұлы. Еуразиялық экономикалық одақ: мәселелері мен келешегі : Монография / Мұсатаев, Сейілбек Шаяхметұлы; Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ. - Алматы : Қазақ университеті, 2018. - 212 б. : сурет. - Сыйға алынды. - ISBN 978-601-04-3093-8 : 212т.00т.</p>

		<p>Оқырман қауымға ұсынылып отырған монография Еуразия кеңістігіндегі жаңа өңірлік бірлестік-Еуразиялық экономикалық одақтың (ЕАЭО) құрылуы мен қызмет етуі барысында орын алып отырған өзекті мәселелері саяси талдауға арналған. Посткеңестік елдерді ынтымақтастыққа шақырып, ғаламдық және өңірлік қауіпсіздік пен ынтымақтастыққа дамытуға, күш салып келе жатқан Қазақстан Республикасының ЕАЭО құрылуындағы рөлі, тұңғыш Президентіміз, Ұлт көшбасшысы, Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың еуразияшылдық идеясын жаңғыртып, экономикалық одақ түрінде шынайылыққа айналдырудағы саяси қызметі қарастырылады.</p>
11.	615 С-16	<p>Сайрамбайқызы, Орынтай. Бекзат болмыс : Естеліктер жинағы / Сайрамбайқызы, Орынтай. - Алматы, 2018. - 304 б. : сурет. - Библиогр. мақала соңында. - ISBN 978-601-06-4674-2 : 304т.00т.</p> <p>Кітап «КСРО Денсаулық сақтау үздігі», «Құрмет белгісі» орденінің иегері, Қызылорда облысы, Шиелі ауданының «Құрметті азаматы», ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің құрмет грамоталарымен марапатталған Қазақстанның фармацевтика саласының саңлағы Ержан Қалекеевтің өмір жолына арналған. Басылымда еңбек жолын аудандық дәріханалар меңгерушілігінен бастап, Қызылорда облыстық дәріханалар бірлестігі, республикалық өндірістік «Фармация» бірлестігінің бас директоры қызметіне көтеріліп, кейін «Шипа» өндірістік акционерлік қоғамын басқарған іскер басшы, өз ісінің майталманы Ержан Қалекеұлы жайлы әріптестерінің, достарының, туыстарының және тағы да басқа көзін көрген азаматтардың естеліктері жинақталған.</p>
12.	821.512.122 С-22	<p>Сарыбай, Серік Әбікенұлы. Жолбарыс жымы : Әңгімелер, аңыздар, хикаялар, ойлар, сатира / Сарыбай, Серік Әбікенұлы. - Алматы : Аспантау, 2018. - 342 б. - ISBN 978-601-03-0527-4 :</p>

		<p>1425т.60т.</p> <p>Бұл кітапта жазушы Серік Әбікенұлының өткен ғасырдың 1916 — 1932 жылдар аралығында коммунистік жүйеге қарсы күрескені үшін «банды» атанған қазақ батырлары жайлы хикаялары, кейіпкерлері шынайы өмірден алынған, арамызда жүрген адамдар жайлы әңгімелері, ой-толғамдары, ел аузынан жинаған аңыздар мен сатиралық шығармалары топтастырылған. «Жолбарыс жымы» — өт-кеннің шері, бүгінгінің мұңы мен болмысын қозғайтын еңбек.</p>
13.	821.512.122 С-31	<p>Сейітов, Сағынғали. Таңдамалы / Сейітов, Сағынғали. - Алматы : Қаламгер , 2018. - 380 б. - ISBN 978-601-03-0502-1 : 1414т.29т.</p> <p>Кешегі өмір мен өлім арпалысқан Ұлы Отан соғысы кезінде от пен оқ кешкен, қалам мен қаруды қатар ұстаған майдангер қазақ ақындарының үркердей шоғырының көрнекті өкілдерінің бірі ақын, аудармашы Сағынғали Сейітовтың таңдамалы жинағына автордың өзі бел ортасында болған майдан тақырыбындағы, ерлікке үндейтін лирикалық өлең-жырлары, бейбіт күндегі өмір өрнектері, туған жер, өскен ел, Отан туралы ыстық сезімге, ой-толғаныстарға толы туындылары еніп отыр. Автордың бір қарағанда қарапайым көрінетін жыр шумақтарының астарынан салмақты ой, салиқалы пікір, терең парасат-пайым аңғарылады.</p>
14.	821.512.122 С-28	<p>Сәттібайұлы, Көсемәлі. Сумен жазылған өлең / Сәттібайұлы, Көсемәлі. - Алматы : Айғаным, 2018. - 380 б. - ISBN 978-601-03-0497-0 : 1414т.29т.</p> <p>Жазушы Көсемәлі Сәттібайұлының бұл жинағына бір топ әңгімелері мен хикаяттары еніп отыр. Қаламгердің туындылары тақырыптарының алуан</p>

		түрлілігімен, көркемдік ерекшеліктерімен, сананы сілкіңтер соңы ойларымен дараланады. Автордың баяндау мәнері, сөз қолдануы, теңеулері оның өзіндік қолтаңбасын айқын аңғартады.
15.	821.512.122 С-63	<p>Соқпақбаев, Бердібек. Таңдамалы : Роман, хикаяттар, әңгімелер / Соқпақбаев, Бердібек. - Алматы : Қазақпарат, 2018. - 1116 б. : сурет. - (Әдебиет әлемі). - ISBN 978-601-03-0494-9 : 7128т.00т.</p> <p>Қазақтың көрнекті жазушысы, белгілі көркемсөз шебері Бердібек Соқпақбаевтың таңдамалы шығармалар жинағына «Өлгендер қайтып келмейді» романы, кезінде қалың оқырман қауымның жылы бағасын алған «Қайдасың, Гауһар?», «Балалық шаққа саяхат», «Менің атым - Қожа» т.б. хикаяттары еніп отыр. Сонымен бірге кітаптан автордың қаламынан шыққан бір топ әңгімелері, жазушы өмірінің әр кезеңдегі сәттерін бейнелейтін құнды фотосуреттер орын алды. Қазақ әдебиетінде айшықты із қалдырған атақты қаламгердің асқақ рух пен асыл адамгершілік қасиеттерді насихаттайтын өшпес туындылары рухани игілікке айналып халқымен бірге жасап келеді.</p>
16.	821.512.122-1 Т-65	<p>Төлепбайұлы, Тынымбай. Ғасыр үні : Деректі роман / Төлепбайұлы, Тынымбай, Әшірбаева, Гүлдәрия. - Алматы : Мер-Press, 2018. - 380 б. - ISBN 978-601-03-0525-0 : 1414т.29т.</p> <p>Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Тынымбай Төлепбайұлы мен жас жазушы Гүлдәрия Әшірбаеваның бірлесіп жазған бұл романында, кеңестік идеология мен коммунистік жүйеде өмір сүрген адам тағдыры жөнінде айтылып, алыс ауылдардағы шаруасы шатқаяқтаған шаруашылықтардың тәуелсіздікке дейінгі хал-ахуалы бүкпесіз суреттеледі.</p>

17.1	821.512.122-1 Т-65	<p>Төлепбайұлы, Тынымбай. Шырғалаң : Роман / Төлепбайұлы, Тынымбай. - Алматы : Mer-Press, 2018. - 380 б. - ISBN 978-601-03-0495-6 : 1414т.29т.</p> <p>Жазушы Тынымбай Төлепбайұлының «Шырғалаң» атты романы кешегі кеңестік кезенді суреттейді. Шығармада жас маманның алғашқы еңбек баспалдақтары, басынан кешкен қызықты оқиғалары, сезім толғаныстары шебер суреттеледі, социализм дәуірінің күйреу себептері талданып сараланады. Роман кейіпкерлерінің сүйініш-күйініші, тағдыр-талайы әдемі баяндалып оқырманды ойландырады.</p>
18.1	821.512.122-1 Ә-54	<p>Юнус, Эмре. Жырлар / Юнус, Эмре; Ауд.: М. Отарбаев. - Алматы : Ан Арыс, 2018. - 448 б. - Сыйға алынды. - Мәтін қазақ, түрік тілдерінде. - ISBN 978-601-7337-19-4 : 448т.00т.</p> <p>Сопылық поэзияның аса көрнекті өкілдерінің бірі Юнус Эмренің жырлары толыққанды түрде қазақ тіліне, тәржімаланып, тұңғыш рет қазақ оқырмандарына жол тартып отыр. Ақын жырлары бұл дүние қызықтарының бір сәттік өткінші екенін, мәңгіліктің тек Алла жолында ғана екендігін насихаттайды.</p>